

Өндірістік кеңестің №1 хаттамасы

Қатысқандар:

05.09.2022 ж

Күн тәртібі:

1. Топ бөлмелерін стандарт талаптарына сай жабдықтау.
2. Балабақшаның ішкі еңбек тәртібін бекіту.
3. Еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі шараларына инструктаж сабак.
4. Балалар тізімін анықтау, ситетенге баларды жас ерекшеліктеріне сай енгізу .
5. Қызыметкерлермен және ата-аналармен келісім шарт туралы.

Тындалды: Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйлемді: Балабақша менгерушісі Р.Койланова жазғы маусымға арналған женілдетілген сабак кестесі бойынша оку-тәрбие процесі жүргізілді.

Тәрбиешілер ыстық күнде балаларды жалықтырып алмау үшін ойын түрінде, балалардың ынтасының, ықыласына қарай ұйымдастырды.

Сонымен қатар жазғы сауықтыру шаралары күнделікті ұйымдастырылды. Балалар таза ауда ойнап, көбірек сусындар беріліп, күм үстінде жалаң аяқ жүріп, аяқтарын салқын сумен жуып, суланған шүберек үстімен жүріп, шынығумен айналысып, күннің екінші жартысында шомылу жоғарыдан төмен қарай су қююмен шынықты. Әрбір шынығу, дene жаттығулары, серуен, медбикенің қадағалауында, бақылауымен өтті. Сонымен қатар іш аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Қайнатылған су беру, тазалық та бақылауда болды, Ата-аналарға кеңестер берілді. Жөндеу жұмыстарына тоқталсам, қажетті жерлерге жасалды. Балаларға зияны тимеу үшін сенбі, жексенбі күндері топтарды кезекпен жасап отырдық, дәліздер мен әкімшілік бөлмелерінде ақталып, сырлап өттік. Жаңа оку жылына ғимаратымыз дайын. Жылу жүйесі де тексеріліп, қазандықтар дайын. Ішкі еңбек тәртібі. Лауазымдық міндеттерін атқару жөнінде міндеттерін бекітті.

Тындалды: Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау

Сөйлемді: Койланова Роза – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үйім қызыметкерлері мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуына жауапты екенімізді білеміз, орындауга міндеттіміз. Стандарт талаптары бізден нені талап етеді?

- Балаларды даму кезеңдеріне байланысты топтарға жас ерекшелігіне сай болу.
- Пәндік дамытуши ортасы мазмұнды болу.
- Педагогикалық үдеріс жанашыл болуын қамтамасыз етуі
- Базалық оку жоспарына сүйену
- Оку жүктемесіндегі бес сала бойынша құзыреттіліктерін дамыту.

- Педагогикалық үдерістегі талаптарды орындау

Демек, жаңа оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру үшін, талаптарға сай жабдықталуымыз қажет. Балабақшаның материалдық техникалық базасы мықты. Балаларға ойнау, ұйықтау, спортпен шұғылдану, ән айтып, би билеу, тамақтану, бөлмелері бар, жағдай жасалған. Дамытушы орталар толықтыруларды қажет етеді. Балалар тізімін анықтап қажетті жерге тізімі іліну керек.

Тыңдалды:

Бала өмірі мен қауіпсіздігін қорғау, қызметкерлер өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқау жүргізу .Сөйлемді: Балабақша менгерушісі Койланова. Роза әрбір қызметкер бала өмірі және өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығымен, өз міндеттерімен таныстырылған. Әрбір оқу жылының басында, гимаратта жылу жүйесі іске қосылатын қысқы маусымда, көктемгі көгалдандыру кезінде кенес нұсқаулармен қайта таныстырылып қол қоясыздар. Және де сол ережені сактап, жауапкершілікпен қарауға, міндеттерінізді дұрыс атқаруды тапсырманы деді.

Тыңдалды.Балабақша менгерушісі Койланова .Р өз сезінде қызметкерлермен және ата-аналармен арасында менгерушімен келісім шартқа қол қою керек екенің ескерті.

Шешім:

1. Өткен кенес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.Жауапты:әдіскер
2. Балалар тізімі анықталып, топтарды безендіру толықтырылсын. Жауапты: әдіскер , тәрбиешілер
3. Әрбір қызметкер бала өмірі мен өз өмірінің қауіпсіздік ережесін сақтасын. Жауапты: әдіскер ,медбике

Төрайымы

Койланова.Р

Хатшы

Джурунбаева.Ж



Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы

Қатысқандар: 15

06.12.2022 ж

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жылу қазандықтары мен электр желілерін ретке келтіру.
3. Жаңа жылдық ертеңгілікте қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы.
4. Күн тәртібінің орындалуы.

Тындалды: Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөлемді: Койланова Роза балабақша менгерушісі топтарда бала саны анықталып, топталды. Жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесу бекітілген, оқу-тәрбие ісі жүргізілуде. Стандарт талаптарына сай жабдықталған. Эр топта қажетті ата-аналар, табиғат, еңбек, денсаулық бұрыштары безендірілген, оқу ісіне қажетті көрnekіліктер, суреттер, альбомдар, үлестірмелі дидактикалық материалдар жинақталған. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері, тіл мерекесі, күз мерекесі аталағанда өткізілді. Эрбір қызметкер бала өмірінің қауіпсіздігін ескере отырып, іс шаралар ұйымдастыруды. Үнемі бала өміріне жауапты екінімізді естен шығармайық деді.

Тындалды: Жылу мәселесі

Сөйлемді: Койланова Р –балабақша медбикесі күннің сұйтуына байланысты жылу жұмыстары іске қосылды. Қазандықтар жақсы жұмыс істеп тұр. Жылу жүйесі үнемі қадағалануда. Топтардың жылулық температурасы +20градуста сақталуда. Терезелер мен еденинің ақаулары жөнделді. Жылу жүйесі бір калыпты жұмыс істеуде. Балалардың қауіпсіздігі ескерілген. Балабақша менгерушісі Роза апай қызметкерлердің демалысын талқылап және оларды бекітті.

Тындалды: Жаңа жыл мерекесінде қауіпсіз ережесін сақтау

Сөйлемді: Койланова Роза менгеруші-жаңа жылдық мерекеге арналған «Жасыл шырша» мерекесін тойлауға әзірленудеміз. Безендіру мен өткізу жұмыстары жоспарлануда. Мереке қызықты өту үшін әрине әдемі түрлі түсті ойыншықтар, шырақтар, оташашулар мен музыкалық тосын сәттер ұйымдастыруды қауіпсіздік ережесін сақтап, абай болулатынды тапсырамын. Ата-аналармен түсініру жұмыстары жүргізілсін, ережені қатаң сақтаңыздар. Бір сәттілік оташашу үлкен қайғы әкелмеуіне кім кепіл, оған жол бермей, алдын алу жұмыстары жүргізілсін деп сөзін аяқтады.

Тындалды: Койланова Роза апай күн тәртібінің орындалуын тәрбиешілерге және медбикеге қадағалауды және орындау керек екен айтты

Шешімі:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Бөлмелер жылулығы +20градус температурада сақталсын. Жаупты: медбике Жаңабекова Лаура,шаруа менгерушісі.
- 3.»Жасыл шырша» мерекесінде қауіпсіздік мерекесі сақталсын Жаупты: Тәрбиешілер,Медбике Л.Жаңабекова.

Төрайымы:

Р.Койланова

Хатшы:

Джурунбаева.Ж



Өндірістік кеңестің

№3 хаттамасы

27.03.2023 ж

Катыскандар: 12

Күн тәртібі:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Балаларды енбекке баулу жұмыстарын жоспарлау және көктем мезгілі жұмыстарына дайындық.
3. Технике қауіпсіздігі туралы.

1. Тындалды:

Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Койланова Р сөз алды. Елбасының халқына жасаған жолдаудағы тапсырмаларындағы басты мақсат, мұдде, еліміздің тілін, дінін, мәдениетін, жерін бағалайтын ұрпақ тәрбиелеу; басқа ұлттармен бәсекеге түсуге қабілетті, білімді, жігерлі тұлға тәрбиелеу. Педагог азаматтарымыз бір ұлттың келешегін тәрбиелеп отырғанын естен шығармауға тиісті. Сол білімнің алғашкы дәндері, сатысы балабақшада қалыптастатынын білеміз. Жақсы дағыларды, мінез-құлық, таным, ақыл-ой өрісінің дамуы, әлеуметке енуі, үлкендермен қарым-қатынас, құрдастарымен араласып, ойын бөлісуі, ережеге, тәртіпке бағынуы, тазалыққа бейімделуі, қымыл іс-әрекетінің дамуы барлығы сіздердің қадағалауарынызben оқу-тәрбие үдерісі кезінде іске асырылады.

2. Тындалды: Балаларды енбекке баулу жұмыстарын жоспарлау және көктем мезгілі жұмыстарына дайындық.

Сейледі: Балабақша менгерушісі Койланова Р оқу-тәрбие үдерісінің балалардың өмірін үйымдастыру кезінде серуенде балалармен тыстағы енбек жоспарланады. Балаларды балабақшаның тазалығына көнілін бөліп, үлкендер жұмысына мән беріп, сыйлауға үйретудеміз. Ауланы көгалдандыру қажеттігін, гүлдер егіліп күтіп-баптауға, дала құстарына ұя жасап, жем беру, қояндар, құстар, балықтар мен үй құстарына жем – шөп беріп күтіп баптауға, енбек етуге үйретуіміз қажет.

Сонымен бірге топтагы заттарды орындарына қою, кітаптарды реттеу, кезекшілік ету, табигат бұрышындағы гүлдерді күтіп баптауға, гүл егуге, жапырағының шаңын сұрту, түбін қосыту, су құю, сияқты жұмыстарды атқаруға үйретеміз. Балалар еңбек ете отырып өзіне-өзі қызмет етуді үйренеді, тазалық пен тәртіпке, ұқыптылыққа үйренеді. Эр бала өз жас ерекшелігіне сай өзіне-өзі қызмет етуге үйренгені жөн. Және ондайға үйретуде ата-ананың да қызметі зор, үде де тапсырмалар орындал үйренуі қажет. Жүйелі, тиімді жоспарлап балаларды еңбекке баулиық, ұқыптылыққа тәрбиелейік деп сөзін аяқтады.

3. Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша әрбір қызметкер бала өмірі мен өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау нұсқаулығымен таныстырылады. Әрбір оку жылышында, гимаратта жылу жүйесі іске қосылатын қысқы маусымда техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтары беріледі.

Шешім:

1. Отken кенес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Балалардың өмірін ұйымдастыруды еңбек жүйелі жоспарланып, жүргізілсін.
3. Қызметкерлерге техника қауіпсіздігі туралы нұсқаулық берілсін.

Төрайымы :

Р.Койланова

Хатшы:

Джурунбаева.Ж



Өндірістік кеңестің

№4 хаттамасы

29.05.2023ж

Катыскандар: 15

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Жазғы сауықтыру, балалардың денсаулғын нығайтуға арналған іс-шараларды бекіту.
3. Іш ауруының алдын алу, медициналық кеңестер.
4. Жазғы жөндеу жұмыстары туралы

1. Тындалды: Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: Койланова Р балабақша менгеруші - әр топта халықтық педагогикаға арналған жылжымалы папкалар жасалып, ата-аналарға ұсыныс, кеңестер берілді. Балаларға арналған санамактар, жаңылтпаштар, аныз әңгімелер, ертегілер мазмұны берілген жылжымалы папкалардың көмегі тиді. Олар өздері билетін түрлерін де үйде естеріне түсіріп, балаларға айтып берген. Ата-аналар күнделікті күйбен тірлікпен айналысып, балалар тәрбиесіне уақыт таба бермейді. Педагогикалық білім мен психологиялық қолдау көрсету біздің міндетіміз. Сонымен бірге кейбір ата-аналар балалардың өзі атқаратын нәрселерін де өздері жасауға әрекеттегенді. Өзіне-өзі қызмет етуге, тапсырма беруді ұмытады, тиянактамайды. Ал, кейбір балалар тапсырманы тез уақытта орындаиды. Кезекшілік атқарады, толтағы ойыншықтарды жуып, реттейді, табиғат бұрышындағы жануарлар мен құстарға жем береді, қамқорлық етеді, Сонымен бірге еңбек сыртта да жоспарланып өткізіледі. Аула тазалығы, гүлдерді суғару, арам шөптерін жұлу, аула сыпыруышыға көмектесу жұмыстары жүргізілуде.

2. Тындалды: Жазғы сауықтыру балалардың денсаулғын нығайтуға арналған іс-шараларды бекіту.

Сөйледі: Койланова Р балабақша менгерушісі - міне, жаз да келіп жетті. Жыл бойы тапсырмалардан, сабактан балаларды кішкене босатып, жазға арналған сауықтыру шаралары мен қызықты, көнілді іс-шаралар жоспарланды. Жоспарлармен таныстым. Ойындарға көбірек көніл бөлініздер. Ойын түрлері түрленіп, отырсын. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды ойындар, сөздік ойындар, табиғи материалдармен, спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, ұлттық ойындар, сахналау, қырышаш театры, серуендер түгел қамтылуын тапсырамын. Ұйымдастыру кезінде ең бірінші балалар мен денсаулықтарыңыздың қауіпсіздігін, қолайлы, ыңғайлы болуын ескерініздер. Сауықтырулар шараларына үнемі медбикенің қатысуымен өткізуі тапсырамын деді.

3. Тыңдалды: Іш ауруынын алдын алу, медициналық кеңестер Сөйледі: Жанабекова. Л балабақша медбикесі балабақша қызметкерлеріне арналған кеңестер берді. Балалардың режимдік процестерге көзкарастарының дұрыс қалыптасуы үшін айналада тұракты жағдайды қамтамасыз етуі, әрбір баланың жас ерекшелігін ескере отырып, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыру, емдік, сауықтыру, шараларына ата-аналардың үлес қосуына ықпал ету жөнінде айтып өтті.

4. Тыңдалды: Жазғы жөндеу жұмыстары туралы Сөйледі: Койланова. Р балабақша гимаратының ішкі және сыртқы жерлерінде қажет етілетін жерлерін сыбап, актап, сырлау қажеттігін, жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауды тапсырды.

Шешім:

1. Отken кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жүйелі жүргізілсін.
3. Жазғы жөндеу жұмыстары жүргізілсін, қауіпсіздік ережесі сақталсын.

Төрайымы : 
Койланова.Р

Хатшы : 
Джурунбаева.Ж